# ЦИКЛОГРАММА

***Төртінші апта (22қаңтар-26қаңтар 2018 ж.)***

**№ 12«Бәйтерек» бөбек-бақшасы «Гүлдер» ортаңғы топ**

**Өтпелі тақырып:** «Табиғат әлемі»

**Тақырыпша:** Ғажайып қыс

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау**<br>Ата-аналармен әңгімелесу<br><br>Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. )<br><br>Таңертеңгі гимнастика<br>(5-7 мин) | **Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.** | | | | |
| | Қ/О: «Құстар мен мысық»<br>**Мақсаты:** Балаларды ұқыптылыққа, шапшаңдылыққа,епті лікке үйретіп,ойын шартын сомдай орындауға баулу. | Қ/О: «Ұшақтар»<br>**Мақсаты**:Балаларды ептілікке, рөльдерін сомдай білуге үйрету.Ойынға деген қызығушылығын арттыру. | Үстел-үсті ойыны: «Менің досым»<br>**Мақсаты:** Балаларды санамақ таяқшаларынан адамның бейнесін құрастыру. | Қ/О: «Тышқан аулаушы»<br>**Мақсаты:** Балаларды ептілікке, ойын барысында өлең жолдарын мәнерлеп нақышына келтіре айтуға баулу. | Қ/О: «Түлкі тауық қорада»<br>**Мақсаты:** Балаларды ептілікке, шапшаңдылыққа, рөлдерін сомдай білуге баулу. Ойынға деген қызығушылығын арттыру. |
| | Затсыз жаттығу | | | | |
| **Таңғы ас** | **Ойын- жаттығу**:Су, су беті, қолымды жу. | | | | |
| **Ойындар,Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық** | Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар | | | | |
| | № 5.1. «Төрт құбылыс»<br>**Мақсаты:** балалардың есте сақтау қабілетін дамыту. | №2.2 «Неге ұқсайды?»<br>**Мақсаты:** Балалардың сөздік қорын дамыту. | №3.1 «Үйдің есігін жабайық»<br>**Мақсаты:**заттарды өлшемі бойынша салыстыру,ойлау қабілетін дамыту | №1.15 «Ненің дауысы?»<br>**Мақсаты:**құстар мен жануарларлың дауыстарын ажырату | №4.5 «Қайталамақ»<br>**Мақсаты:** Балалардың зейінің дамыту. |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты.** Қозғалыс бағытын «жыланша» ирелеңдеп өзгертіп жүру. 2 метр арақашықтықта допты бір-біріне | 1.**Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** Түзу бағытта біркелкі қадаммен жүру және бірқалыпты жүгіру. Доғаның астынан | **1.ҚМҰҚ**<br>**Мақсаты:** Тәуліктің қарама-қарсы (күн – түн) бөліктерін анықтау және тану дағдыларын қалыптастыру. Дене | **1.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** Жетекшінің ауысуымен, қарқынды жылдамдатып және ақырын жүгіру. Биіктігі 5-10 см 2-3 заттың | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Мақсаты:** Қыс туралы түсінік беру. Сурет бойынша әңгіме құруға үйртуді жалғастыру. Балалардың айтылған |

Scanned by TapScanner

<table>
<tr><td></td><td>төменнен лақтыру.<br>Доғаның астынан еңбектеу (биіктігі 40 см).<br>2. Жаратылыстану<br>Мақсаты:Құстардың қысқы тіршілігі туралы әңгімелеу.Балалардың қыс кезінде құстарға қамқорлық жасауға деген белсенділігін артты ру. Құстарға деген қамқорлығын арттыру<br>3.Музыка<br>Мақсаты: Қыс мезгілі туралы балалармен әңгімелесу. Қыс қызығы туралы балалардан сұрақ – жауап алмасу. Музыканы тыңдап, ырғақты сезіне білуге баулу. Әнді мәнерлеп айтуға, дауыс ырғақтарын жаттығу арқылы дамытуға жетелеу.</td><td>еңбектеу (биіктігі 40 см). Биіктігі 5-10 см 2-3 заттың үстінен кезектесе секіру.<br><br>2.Драма<br>Мақсаты: Әңгіме желісін ретімен орындау дағдыларын қалыптастыру.<br>3.Вариативтік компонент:<br>Мақсаты: Ертегі мазмұнымен таныстыру. Балаларды бір – бірін сыйлауға, үлкендерді сыйлауға, көмек көретуге тәрбиелеу.</td><td>бөліктерін бағдарлау және атау: бас, аяқтар, қолдар.</td><td>үстінен кезектесе секіру. Допты жоғары лақтыру, еденге ұру және оны екі қолымен қағып алу.<br>2. Русский язык<br>Мақсаты: Расширть знания о зимних явлениях природы.<br>3. Аппликация<br>Мақсаты: Қайшыны дұрыс ұстау, кесу, бөліктерді мұқият жапсыру дағдыларын бекіту. Бөліктерді дұрыс орналастырып және оларды мұқият жапсырып, суретті құруға үйрету.</td><td>ойды тыңдауға, әңгімеге араласып, сұрауға және сұраққа жауап беру білігін дамыту.<br>2.Сурет салу<br>Мақсаты: Күрделі заттардың суретін салғанда бөліктердің орналасуын және олардың көлемі бойынша ара қатынасын көрсете білуді қалыптастыру.<br>Вариативтік компонент:<br>а) Төлдер айтысы туралы түсінік бере отырып,өтірік өлеңдерді талдау арқылы шындық пен өтірікті ажырата білуге үйрету.<br>ә)ойлау қабілетін дамыту;<br>б) Ұқыптылыққа тәрбиелеу.</td></tr>
<tr><td>Серуен:</td><td colspan="5">Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.<br>Құстарды бақылау (сарышымшық, бозторғай, сауысқан, торғай, көгершін)<br>Бақылау<br>Балаларға қыстайтын құстар туралы түсінікті нақтылау және бекіту. Құстардың атауын есте сақтау, ұшып келетін құстарды белгілеріне сай ажырата білу( көлемі және түстеріне байланысты). Әр түрлі құстардың қозғалысы мен ерекшеліктерін ескере білуге үйрету(сауысқанның қадамы үлкен; торғай екі аяғымен секіреді; көгершінде жиі, ұсақ қадамдар т.б.).Құстар ұшып жүргенде немесе отырғанда жақсы көрінеді, егер олар ағаштың бұталарында отырса ажырату қиынға соғады.Құстарды жақсы көріп, оларға көмек бере білуге тәрбиелеу. Құстарға қыста азық табу қиын болатындығын түсіндіру. Оларды қосымша тамақтандырып тұру керектігін түсіндіру. Ұяда құстар өздерін қалай ұстайтындарын бақылау.<br>Көркем сөздер<br>«Қарлығаш»</td></tr>
</table>

Scanned by TapScanner

| | |
|---|---|
| | *Ауламызда бау бүрлеп,*<br>*Шешек атып жайнайды.*<br>*Ақ тамағы бүлкілдеп,*<br>*Қарлығаштар сайрайды.*<br>**Жұмбақтар**<br>Екі айыр құйрығы,<br>Қияқ мұрт қанаты,<br>Ұшқырлардың жүйрігі. (карлығаш)<br>Қалқып тұрып аспанда,<br>Үн шығарып сан қилы,<br>Өнеріне басқанда,<br>Тұла бойың балқиды. (Бозторғай)<br>**Неге олай аталады?**<br>**Сарышымшық**-кар түскенде сарышымшық ұшып келеді.<br>**Көгершін**- «көк» сөзінен шыққан.<br>Ырымдар:<br>Сарышымшық үйге ұшып келсе-жақын арада қыстың түсетіні.<br>Бозторғай қыста ән салса-онда қар еріп, жер батпақ болады.<br>Егер торғай шөпке тығылса- аяз немесе боран. *Қозғалыс ойындары*<br>**«Үкі»** Ойын барысында өз іс әрекеттерін қарсыластарымен келісе білу қабілеттерін дамыту.Белсенділікке, өз бетінше жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.<br>*Еңбек әркеті*<br>**Құстарды тамақтандыру**<br>Қыста құстарға далада тамақ беруге баулу.Берілген тапсырмаға жауапты болу: өз еңбегіне қанағаттана білу. |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі.<br>**Тренинг:** «Құс болып ұшайық». |
| **Түскі ас** | Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп ережесі. |
| **Ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары** | Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру.<br>Білімді кеңейту және мәдени-гигеналық дағдыларды орындау.<br>**Ойын- жаттығу :**Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаңаң сен әрдайым, |

Scanned by TapScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Таза бетін, маңдайын. | | | | |
| **Бесін ас** | Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу.Нұрасылға үстелдің басында дұрыс отыруды үйрету. | | | | |
| **Ойындар, дербес әрекет** | Сюжетті-рөлдік ойын: «Шаштараз». **Мақсаты:** Рөлдерге бөле білу әдетін қалыптастыру. Қоғамдық ортада өз-өзін ұстай білу мәдениетілігін орнату.<br><br>Жыл мезгілі туралы әңгімелесу «Қыс»(сурет қарастыру) **Мақсаты:**қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету. | Сюжетті-рольді ойын: «Отбасы». **Мақсаты:** «Отбасы»туралы түсінік беру, ойынды қызықты, ұйымшыл ойнауға үйрету.<br><br>Әңгіме құрастыру «Ғажайып қыс» **Мақсаты:** баланың сөздік қорын туысқандарының атауларын білдіретін сөздермен байыту. | Сюжетті-рольді ойын:«Дәрігер». **Мақсаты:** Дәрігер туралы білімін молайту<br><br>Дидактикалық ойын «Ғажайып қапшық»<br><br>**Мақсаты:** баланың сөздік қорын ойыншықтардың атауларын білдіретін сөздермен байыту. | Сюжетті-рольді ойын: «Қуыршақ» **Мақсаты:** Балалардың қуыршаққа деген қамқорлығын ояту. Жыл мезгілі туралы әңгімелесу **Мақсаты:**қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету. | Сюжетті- рөлді ойын: «Жүргізуші» **Мақсаты:** балалардың жүргізушілік мамандығына, техникаға ынтасын арттыру. Дидактикалық ойын «Атын атап бер» **Мақсаты:** түсті қабылдауды және қолдың ұсақ моторикасын дамыту. |
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** | 2метр арақашықтықта допты бір-біріне төменнен лақтыру. | Биіктігі 5-10 см 2-3 заттың үстінен кезектесе секіру. | Тәуліктің қарама-қарсы (күн – түн) бөліктерін анықтау және тану дағдыларын қалыптастыру. | Қайшыны дұрыс ұстау, кесу, бөліктерді мұқият жапсыру дағдыларын бекіту. (Айзада, Томерис) | Сурет бойынша әңгіме құруға үйртуді жалғастыру (Кәусар, Абдул Ахат, Ш.Әбілмансурмен) |
| **Серуенге дайындық** | Киіну: серуенге шығу. | | | | |
| **Серуен** | Серуенге қызығушылық туғызу. Балалармен жеке әңгімелесу: «Дос туралы әңгімелесу? Сенің досың кім?» | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата-аналарға кеңес: «Бала мен балабақша». | Дәрігердің кеңесі: Ауа райына байланысты киіну. | Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу. | Кеңес: «Тұмаудың алдын алу». | Кеңес: Балалардың тәрбиесі үйден басталады. |

Тексерілді: [signature]

Scanned by TapScanner